ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СОРБОННА-ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ

«Бекітемін»
Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми Кеңесінің
отырысы
Ғылыми Кеңес төрағасы/
Ректор ________ С.Ж. ПІРӘЛИЕВ
Хаттама №1 «31» 08 2016ж.

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

5В050900-Қаржы мамандығы

2016/2017 оқу жылы

5В050900

Авторлар: Маткаримова Л.К .- аға оқытушы
Адельбаева А.К. - аға оқытушы

Алматы, 2016

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
# СОРБОННА ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ

**Мамандық 5В050900 – Қаржы**
**Академиялық дәрежесі – 5В050900- Қаржы мамандығы бойынша Экономика және бизнес бакалавры**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Негізгі бөлімдер | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттері | Постреквизиттері | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өмір қауіпсіздігінің негіздері | Пәннің мақсаты: қауіпсіздіктің, оның максимум өнімділігі кезінде еңбек жағдайлары зиянсыздығының теориялық және практикалық негіздерін білетін жас мамандарды даярлау, мамандарда адамның қауіпсіздігі мен қорғалғандығына қойылатын талаптармен тиімді кәсіптік қызметтің, оның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін, экстремальды жағдайларда әрекеттерге әзірлігін сақтудың үздіксіз бірлігі туралы ұғымды қалыптастыру. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәнінің міндеттері адамдардың зақымдану немесе ауыру және олардың жұмысқа қабілеттілігін сақтау ықтималдығын минимумға келтіруден тұрады. | Өмір қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық және теориялық негіздері. Жағымсыз салдардан адамды қорғау және анатомиялық-физиологиялық қауіпсіздік механизмдері. Микроклимат параметрлерін қамтамасыз ету жүйесі. Төтенше жағдайлар. Адам ағзасына улы заттардың әсер етуі | 2 | 1 | Экология және тұрақты даму | Экономикалық теория | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білуі тиіс:** еңбек шарттарының құқықтық реттелуін, жеке еңбек шарттарын, жалақы төлеу, қызметкерлерді көтермелеу мен жазалау жолдарын.<br>**Меңгеру керек:** еңбекті қорғау ережелерін сақтай білу. «Еңбекті қорғау туралы» ҚР заңын талдай білу.<br>**Дағдылануы керек:** өндірісте жарақат алудың алдын алу дағдылары.<br>**Құзыретті болуы тиіс:** алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуге. |
| 2 | Экономикалық ілімдер тарихы | Пәннің мақсаты: Экономикалық теориядағы экономикалық пікірлер мен көзқарастардың жүйелік ерекшеліктеріне және даму кезеңдеріне айқындама беру және әртүрлі теоретикалық мектептердің пайда болу тарихын, экономист ғалымдардың өмірбаянын, экономика іліміне қосқан үлестерін зерттеу.<br>**Міндеттері:** экономикалық жағдайлардың әлеуметтік-институционалдық анализімен және | Экономика ілімі тарихының пәні мен әдісі, ерте әлемдегі экономикалық ойлар, пікірлер, көзқарастар. Феодализмнің экономикалық ілімі. Англиядағы классикалық саяси | 2 | 1 | Экономикалық теория | Макроэкономика | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білуі тиіс:** экономикалық тәжірибе негізінде елдердің дамуын құбылыстар және процестермен және макро,микро деңгейдегі институттармен байланыстырып талдау.<br>**Меңгеру керек:** әлемдік экономиканың даму тәжірибесін |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | маржинальдық, субьективтік әдістерімен таныстыру;<br>- шаруашылық саясаттың альтернативтік вариаттарын таңдап алу.<br>- әрбір студент семестрдің соңында саяси экономия дамуының негізгі кезеңдерін, нарық экономикасы дамуының негізгі барлық концепцияларын, классикалық саяси экономияның негізін қалаушылардың негізгі еңбектерін біле алады. Сондай-ақ меркантилизм, классиктердің, неоклассиктердің және институтционализмдердің жетістіктерін қайтадан талдай алады. | экономиканығ дамуы. Франциядағы классикалық саяси экономиканың пайда болуы мен дамуы. Саяси экономияның Германияда дамуы. Ресейдегі экономикалық ой пікірлері. Қазақстанда экономикалық ойлардың пайда болуы мен дамуы. Кейнсиандықтың пайда болуы және оның даму эволюциясы. Қазіргі замангы экономикалық теориялар. | | | | | қортындылау.<br>**Дағдылануы керек**: әр түрлі ғалымдар ой пікірлерін желілеп, олардан өзіне қажетті ақпараттарды таба білу.<br>**Құзыреттілігі болу керек:** Тарихи экономикалық процестердің қозғаушы күштері мен заңдылықтарын түсініп, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелерді және процестерді талдау қабілетінің болуы. |
| 3 | Адам дамуы | **Мақсаты** - тұлғаның психологиялық қабілеттерін, келешек кәсіби маман қызметтерінің іс-әрекетерінде пайдалануды қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>- студенттердің психологиялық компеттенттілігін дамыту (қабілеттер, ептіліктер, білімдер;)<br>- өзін-өзі тану тәсілдері мен әдістерін жетілдіру;<br>- психологияны оқыту процессінде студенттердің кәсіби субьективті белсенділігін арттыру. | Психология-ғылымы. Адамды психологиялық жағынан талдау – таным, еңбек және қарым-қатынас. Қоғамдық-психологиялық құбылыстардың пайда болуы мен қалыптасу заңдылықтары | 3 | 2 | Педагогика | Менеджме нт | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:** әлеуметтік психологияның теориясы мен технологиясының , міндеттерің, зерттеу әдістерің мен әдіснамасын;<br>**Меңгеру керек:** әлеуметтік психологияны оқыту әдістерін жинақтау;<br>**Дағдылануы керек**: оқу процесінің жобаларын құрастырып, жүзеге асыру;<br>**Құзыреттілігі:** пәні бойынша өз білімін үздіксіз толықтырып отыруы. |
| 4 | Іскерлік шет тілі | **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:** Іскерлік шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты: студенттердің болашақта кәсіби іскерлігінде тілді тәжірибелік пайдалануды дайындайды. Берілген мақсат шет тіл компетенциясын құру болып табылады, ол мәдениетаралық коммуникациясында әлеуметтік-мәдениет және кәсіби-іскерлік саласындағы сөйлесу өзара | Methods of Foreign Language teaching and it s relation to other sciences.<br>A Brief review on Foreign language teaching.<br>The Grammar translation | 2 | 2 | Қазақ (орыс) тілі, Экономикалы қ теория. | Микроэко номика. | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек**: Тілдік материалға сәйкес студенттердің термин сөздерін кең ауқымда білуі.<br>**Меңгеру керек:** аралас әңгімеде, коммуникатив ниеттің қажетті көлемін білдіре және сөздің этикетінің жөн-жосықтарын сақтау, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарым-қатынас үшін қажет.<br>Қазіргі мамандарды кәсіби дайындауда шет тілінде ауызша және жазбаша қарым- қатынас жасауды оқыту кіреді. Шет тілдер курсы коммуникативті бағытталған және кәсіби бейімделген, ал оның міндеттері кәсіби қызметтердегі шет тілін білетін мамандардың қажеттілігінен анықталады. Шетелдік білу және дағдылар шегінде дәйекті түрде қиын тематика белгілі нысанға келеді. Тілдік материал сәйкес мен иеленушіліктің шетелдік тілмен, ақылдың қабылдауы Европаның деңгейінің біртұтас топтастыруымен қалаулы. | method.<br>The Direct method.<br>Palmer's method.<br>Content of the foreign language teaching<br>psychological component<br>b) linguistic component<br>c)methodological component.<br>Aims of teaching Foreign language<br>Educational aims<br>Cultural aims.<br>Practical aim<br>Principles of Foreign Language.<br>The principle of conscious approach.<br>The principle of activity.<br>The principle of visualization. | | | | | ал атап айтсақ:<br>-көрсету барысында өзін өзі таныстыру;<br>-сұраныс және ақпараттың хабарламасы.<br>**Дағдылануы керек:** өз пікірін дұрыс жеткізу.<br>**Құзыреттілігі:** пәні бойынша өз білімін үздіксіз толықтырып отыруы. |
| 5 | Эконометрика | "Эконометрика" курсы эконометрикалық модельдеуді экономикалық сараптау тәжірибесінде және еліміздің экономикасындағы макро және микроэкономикалық процестерді болжауда қолдану мен оларды іске асыру сұрақтарын қарастырады.<br>"Эконометрика" курсының мақсаты студенттердің теориялық білімі негізінде эконометрикалық модельдерді экономикалық құбылыстар және процестерді регрессиялық моделдеудің әдістерін меңгеріп, есептеу техникасын пайдалану, алған білімдерін тәжірибеде қолдауды жетік білу.<br>Пәнді оқыту экономикалық құбылыстар және процестерді регрессиялық моделдеудің әдістері және нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынды басқару кезінде сол процестерді талдау әдістері туралы ұғым береді. | Эконометрика пәні, негізгі ұғымдары, Эконометрика және эконометрикалық модельдеу. Қазіргі заманғы эконометриканың құрылымы,<br>Ковариация, дисперсия, корреляция. Таңдамалы ковариация.<br>Ковариацияны есептеу ережелері. Таңдамалы дисперсия.<br>Дисперсияны есептеу ережелері,<br>Корреляциялық сараптау. Корреляция коэффициенті. Дербес | 3 | 2 | Жоғарғы математика;<br>Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика;<br>Экономикалық теория негізі;<br>Макро - микроэкономика. | Экономиканың балансталған дамуының моделі. | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>Курстың негізгі түсініктерін, модель түрлерін, олардың қасиеттерін, нарықтық көрсеткіштердің, жиынтық регрессияның әртүрлі аспектілерін: мультиколениарлық мәселесін, модель спецификасын.<br>**Меңгеру керек:** жалған айнымалыны қолдану, дербес корреляция, гетероскеданттылық, автокорреляция және регрессиялық модельдеудегі болжамде есептеу<br>**Игеру керек:**<br>стратегиялық бағдарламаларды талдауды, бағдарламаларды өзара және дамыған елдердің жоспарларымен салыстыру.<br>**Құзіреттілік:** түйін, шешуші |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | корреляция коэффициенті, Жұптық регрессиялық сараптау. Регрессиялық сараптау. Жұптық сызықтық регрессия моделі, Ең кіші квадраттар әдісі бойынша регрессия. | | | | | бағдарлары мен бәсекеқабілетті артықшылықтарын бөліп көрсетуді үйрену. |
| 6 | Әлемдік шаруашылық | «Әлемдік шаруашылық» пәнінің мақсаты – қазіргі кездегі әлемдік шаруашылықтың ерекшеліктерін, заңдылықтарың, даму мәселелерін, әлемдік экономиканы әлем елдерінің ұлттық экономикасын біріктіруші ретіндегі ерекше экономикалық жүйе және оның құрылмы туралы негізгі білімдерді береді. Бұл білімдер шаруашылық үдерістердің жаһандануы, елдердің басым бөлігінің экономикалары әлемдік шаруашылық үдерістерге тартыла отырып, олардың бір-бірінен тәуелділігінің артуы жағдайында және олар осы үдерістерде орын алып жатқан өзгерістерге өте сезімтал болып келуіне байланысты айрықша өзектілікке ие болады.<br>**Мақсаты**: Студенттерге әлемдік экономиканы, адамзат алдында тұрған глобалды проблемалар бұрышы тұрғысынан халықаралық экономикалық қатынастарды дамытудың қазіргі заманғы құрылымы және ерекшеліктері туралы білім беру<br>**Міндеттер** - әлемдік шаруашылық ұғымын, оның негізгі субъектілерін, глобализациялау процесін, халықаралық экономикалық қатынастар теориясын, тауарлармен және қызметтермен халықаралық сауда мәні; Қазақстанның әлемдік шаруашылық жүйесіндегі ролін әлемдік шаруашылық глобализациялау шеңберінде бағалау; әлемдік рынок конъюнктурасы көрсеткіштерін талдау, конъюнктураны талдау және болжау әдістерін қолдану | Әлемдік шаруашылық: мәні, қалыптасуы және даму кезеңдері, Әлемдік шаруашылық дамуының қазіргі бағыттары, Әлем елдерінің типологиясы, Әлемдік шаруашылық жүйесіндегі ұлттық экономика, Халықаралық сауда: ХЭҚ жүйесіндегі рөлі, құрылымы мен дамуы, Халықаралық сауданың теориялары, Сауда саясаты және оның құралдары, Капиталдың халықаралық қозғалысы, Халықаралық экономикалық ұйымдары, Халықаралық валюта-қаржы несие ұйымдары. | 3 | 2 | Экономикалық теория | Инвестициялық менеджмент | Пәнді оқу барысында студент:<br>**Білу керек:**<br>-әлемдік шаруашылықтың іс-әрекет етуінің принциптерін, қазіргі заманғы мәселелері мен даму тенденцияларын;<br>-әлем елдерінің қазіргі кездегі жіктелуін және олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің көрсеткіштерін;<br>**Меңгеру керек:**<br>-елдердің арасындығы экономикалық қатынастарының формаларын, олардың ұлттық экономиканың дамуына тигізетін әсерін.<br>**Игеру керек:**<br>-ХЭҚ-ды мемлекеттік реттеудің мақсаттарын және әдістерін;<br>-қазіргі кездегі әлемдік экономикадағы трансұлттық корпорациялардың, елдердің интеграциялық топтарының және халықаралық экономикалық және валюта-қаржы ұйымдарының қызметтері мен рөлін.<br>**Құзіреттілік:**<br>Алған білімдерің басқа кәсіби пәндерді оқуда және өзінің болашақ тәжрибесінде елдердің арасындағы халықаралық байланыстарды ұйымдастыру мен басқару |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | қызметінде ***қолдануын білу керек.*** |
| 7 | Статистика | Статистика қоғамдық өмірдің әртүрлі құбылыстары туралы мәліметтерді жинау, өңдеу, талдау және жариялаумен айналысатын тәжірибелік қызметтің бір саласы.<br>Пәннің мақсаты: «Статистика» пәні студенттердің статистикалық мәліметтерді жинаудың, өңдеудің, талдаудың жалпы принциптері, амалдары, әдістері туралы білім алуын,<br>жалпы қоғамдық құбылыстар мен процестердің даму заңдылықтары мен процестерін, олардың сандық сипаттамаларын меңгеруін, негізгі факторларды бағалау, елдің экономикалық даму деңгейін, өндіріс саласындағы шығындар кәрсеткіштері мен нәтижелерін, өмір сүру деңгейінің кәрсеткіштерін есептеу әдістемесін игеру мақсатын алға қояды.<br>Пәннің міндеттері: әдістемені зерделеу, қоғамдық құбылыстар жағдайын, дамуын, құрылымын және өзара байланысын, олардың статистикалық модельдеуі мен болжауын,<br>статистикалық бақылау мен статистикалық ақпаратты жинауды ұйымдастыру принциптерін зерттеу болып табылады. | Статистика пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәліметтерді жинақтау және топтау. Абсалютті және қатысты шамалар. Орташа шамалар мен вариация көрсеткіштері. Ішінара бақылау. Динамикалық қатарлар. Индекстер. Халық және еңбек ресурстарының статистикасы. Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы. | 3 | 3 | Экономикалық теория, Экономикадағы математика, Макроэкономика | Экономиканы мемлекеттік реттеу. Экономикалық талдау. | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>Қазақстан Республикасындағы статистиканың ұйымдастырылуын; мәліметтерді жинау және өңдеу әдістерін.<br>**Меңгеру керек:**<br>статистикалық бақылау жүргізуді, бақылау бағдарламасын жасауды және әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарға статистикалық зерттеулер жүргізуде басқа да әдістер мен тәсілдерді қолдануды, қорытынды жасауды.<br>**Игеру керек:**<br>статистикалық өзара байланыстарды талдау әдістерін.<br>**Құзіреттілік:** стратегиялық бағдарламаларды талдауды, бағдарламаларды өзара және дамыған елдердің жоспарларымен салыстыру; түйін, шешуші бағдарлары мен бәсекеқабілетті артықшылықтарын бөліп көрсетуді үйрену. |
| 8 | Менеджмент | «Менеджмент» пәнін оқытудың негізгі ***мақсаты*** курстың теориялық-әдістемелік тұрғысынан, басқару теориясы мен тәжірибесінің қолданылуы мен дамуын нарықтық қатынастар жағдайында игеру болып табылады.<br>Белгіленген мақсат неізінде келесідей міндеттер қойылады:<br>• студенттерде менеджмент теориясы мен тәжірибесі жөнінде біртұтас білім жүйесін қалыптастыру;<br>• алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибелерді оқыту және олардың Қазақстан тәжірибесінде оның қолданылу мүмкіндігі;<br>• ұйымды шаруашылық басқарудың | Басқару ғылымының пәні мен әдісі, Менеджмент эволюциясы, Қазақстандағы менеджменттің әдістемелік негіздері, Ұйым туралы түсінік және оның түрлері, Менеджментті ақпаратпен қамтамасыз ету, Менеджмент үрдісіндегі басқару шешімдері, | 3 | 3 | Экономикалық теория, Макроэкономика, Микроэкономика, Экономиканы мемлекеттік реттеу | Стратегиялық менеджмент, Өндірістік менеджмент, Қаржылық менеджмент, Стратегиялық жоспарлау | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>Пәнді оқу барысында келесілер қамтамасыз етіледі – менеджмент мәнін, оның объектілері мен қандай ғылымдарда әрекет ететіндігін; басқару, басшылық, кәсіпкерлік үрдістерінің мәні мен мзмұнын дұрыс анықтай білуді.<br>**Меңгеру керек:** кәсіпорында ұйымдастыру үшін білімін қолдану тәжірибесін, олардың ойын, мақсатын, міндеттерін анықтауды, менеджмент стратегияс мен |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктері мен болашақтағы даму мүмкіндіктерін экономикалық тұрғыдан дұрыс бағалауды үйрету;<br>әртүрлі деңгейлердегі тиімді басқаруды қамтамасыз ететін әдістерді, формаларды және механизмдерді оқыту. | Менеджменттегі жоспарлау, Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде, Менеджменттегі мотивация, Менеджмент жүйесіндегі бақылау, Басшылық: билік, ықпал ету және әріптестік, Лидерлік: басқару стилі мен менеджер имиджі, Қайшылықтарды, күйзеліістерді және өзгерістерді басқару, Фирманың кадрлық саясаты, Басқару қызметінің мәдениеті. | | | | | тәжірибесін тәжірибеде қолдану.<br>**Игеру керек:**<br>нарықтық экономикада шаруашылық субъектісі ретінде ел қызметінің теориялық және әдістемелік негіздерін түсіну.<br>**Құзыреттері (компетенциялары):**<br>- негізгі экономикалық мәселелерді шешуге мемлекеттік тәсілдерді қолдану;<br>- мемлекеттік шараларды қабылдауда сандық бағалау кезіндегі статистикалық мәліметтерді кәсіби пайдалану. |
| 9 | Ақша, несие, банктер | «Ақша, несие, банктер» курсы қаржылық – банктік жүйе үшін жоғары мамандандырылған мамандарды дайындауда оқу пәндерінің ішінде маңызды орын алады.<br>Берілген курс экономикалық профиль студенттерінің алған білімдерін мейлінше дамытатын, нақтылайтын және тереңдететін базалық теориялық пән болып табылады.<br>Пәнді оқытудың мақсаты. Студенттерге ақшаның, несиенің және банктердің теориялық аспектілері бойынша, ақша және несие жүйелерінің қызмет ету негіздері, халықаралық несие – есептесу және валюта қатынастары, бағалы қағаздар нарығының негіздері бойынша біртұтас білім жүйесін қалыптастыру;<br>- пәннің мәнін және мазмұнын сипаттайтын терминологиялық ұғымдық ақпарат беру;<br>- барлық ұғымдардың өзара байланысын, олардың ішкі мазмұнын ашу. | Ақша, несие, банктер туралы түсінік; Ақшалардың мәні мен қызметтері. Ақша айналымы, ақша айналысы және ақша жүйесі. Ақша реформалары. Ссудалық капитал, пайыз және несие. Несиелік және банктік жүйе. Несиелік мекемелердің түрлері. Екінші деңгейлі банктердің қызметтерін ұйымдастыру негіздері. Коммерциялық банктердің активтік және пассивтік операциялары. Банк | 3 | 4 | «Микроэкономика»; «Макроэкономика»; «Әлемдік экономика» | «Ұлттықэкономика» | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>студенттерге ақшаның, несиенің және банктердің теориялық аспектілері бойынша, ақша және несие жүйелерінің қызмет істеу негіздері, халықаралық несшие - есептесу және валюта қатынастары, бағалы қағаздар нарығының негіздері бойынша біртұгас білім жүйесін қалыптастыру.<br>**Меңгеру керек:**<br>пәннің мәнін және мазмұнын сипаттайтын терминологиялық-ұғымдық аппарат беру.<br>**Игеру керек:**<br>студенттерге ақшаның, несиенің, банктердің теориясы бойынша теориялық білімнің белгілі - бір қажетті миниму-мыш беру; оларға |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Пәнді оқытудың негізгі міндеті: Студенттерге ақшаның, несиенің, банктердің теориясы бойынша тиісті білім беру;<br>оларға банктік сферада қызмет ету үшін қажетті практикалық дағдыларды дарыту;<br>банк қызметінің болашақ профессионалдарына мүмкін болатын банктік жаңалықтар, интернет-технологиялар және басқаларды ескере отырып жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеу. | практикасындағы тәуекелдер.<br>Мемлекеттің орталық банкі, оның құрылуы және дамуы. ҚР Ұлттық банкінің қызметтері мен операциялары. Жалған капитал және оның формалары.<br>Халықаралық валюта-несиелік институттар. | | | | | банк аясында қызмет істеу үшін қажетті практикалық әдістерді дарыту.<br>**Құзыреттері (компетенциялары):**<br>- негізгі экономикалық мәселелерді шешуге мемлекеттік тәсілдерді қолдану;<br>- мемлекеттік шараларды қабылдауда сандық бағалау кезіндегі статистикалық мәліметтерді кәсіби пайдалану. |
| 10 | Экономиканы мемлекеттік реттеу | «Экономиканы мемлекттік реттеу» пәнін оқытудың мақсаты студенттерді экономиканы реттеудің мемлекеттік әдістерінің теориялық негіздерін, методологиясы мен ұйымдасырылуын игеруге, оның механизмдерін нақты табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қолданудың мәні мен әдістерін тереңірек білуге үйрету. Пәнінің негізгі міндетері: студенттерді экономика мен әлеуметтік ортада болып жатқан заңдылықтарға жылдам әсер ете білу, сонымен қатар ел үшін объективті, маңызды шешімдерді қабылдай алу дағдыларына үйрету. «Экономиканы мемлекеттік реттеу» пәнін оқытудың нәтижесінде студенттерді экономиканы реттеудің мемелекеттік әдістерінің теориялық негіздерін, методологиясы мен ұйымдастырылуын игеруге, оның механизмдерін нақты табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қолданудың мәні мен әдістерін тереңірек білуі керек. Ойлаудың кең ауқымдылығы; экономика мен әлеуметтік ортада болып жатқан заңдылықтарға жылдам әсер ете білу, сонымен қатар ел үшін объективті, маңызды шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті деңгейде негізгі білімінің болуын меңгеру керек. | Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық астары мен объектісі,<br>Экономиканы мемлекеттік реттеудің методологиясы жөніндегі ұғым және оның элементтері,<br>Экономиканы реттеудің ұйымдастырушылық негіздері мен оның шетелдік тәжірибесі,<br>Өтпелі экономиканың негізгі мінездемесі және оның заңдылықтары,<br>Экономикалық өсудің негізгі факторлары мен оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар,<br>Жер ресурстарын тиімді пайдаланудағы мемлекеттік шаралар жүйесі, Экономиканы реттеудің қаржы-бюджеттік әдістері, | 3 | 4 | Кәсіпорын экономикасы, Макроэконом ика | Логистика | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>- экономикалық үрдістердегі мемлекеттің рөлі мен орны;<br>- экономикалық үрдістерге және құбылыстарға әсер ететін мемлекеттің әдістері мен құралдарын;<br>- ұлттық экономика қызметінің жалпы және бөлек салалары мен аялары шегіндегі негізгі экономикалық көрсеткіштерін.<br>**Меңгеру керек:**<br>- елдегі пайда болған экономикалық жағдайларды кәсіби түсіндіру;<br>- қалыптасқан экономикалық жағдайларда қабылданатын мемлекеттік шаралардың баламалылығын бағалау;<br>- едің экономикалық саясатының мәнін түсіндіру.<br>**Игеру керек:**<br>нарықтық экономикада шаруашылық субъектісі ретінде ел қызметінің теориялық және әдістемелік негіздерін түсіну.<br>**Құзыреттері (компетенциялары):**<br>- негізгі экономикалық мәселелерді |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу. | | | | | шешуге мемлекеттік тәсілдерді қолдану;<br>- мемлекеттік шараларды қабылдауда сандық бағалау кезіндегі статистикалық мәліметтерді кәсіби пайдалану. |
| 11 | Маркетинг | Курстың мазмұны басқарудың негізгі теориясын, түрлерін, ақпарат функцияларын үйретумен қатар студенттерді, сондай-ақ қандайда бір ситуациялық жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білуге, тиімді басқару әдістерін үйретеді. Екіншіден нарықтық экономиканың негізгі жүйесі нарықты және ондағы тауарларды өткізуге қатысты маркетингтік зерттеулердің түрлерін, жалпы маркетинг пәнінің теориялық негіздерін, нарықтың жіктелуін, тауарларды өткізу және баға саясатын қалыптастыру, оларды бақылау және басқару негізгі қажетті категорияларды өтеді.<br>Пәнді оқытудың мақсаты – Маркетингтің теориялық негіздерін оқыту, сонымен қатар, оның элементтері мен принциптерін пайдалануда тәжірибелер жинақтау<br>Пәннің негізгі міндеттері келесілер болып табылады:<br>- маркетингтің теориялық негіздері мен концепцияларын, маркетингтік орта мен оның құрамдастарын оқыту;<br>- нарықты сегменттеу және тауар позициялаудың әдістемелік негіздерін қалыптастыру;<br>- маркетинг жүйесіндегі тауар саясатын, бағаның құрылуы мен бағалық стратегияларды оқыту;<br>- маркетингті басқару, жоспарлау және бақылау процесін оқыту;<br>- қызмет көрсетулер мен халықаралық маркетинг ерекшеліктерін оқыту. | Маркетингтің теориялық негіздері мен концепциялары. Маркетингтік зерттеулер. Маркетинг ортасы. Тауар нарығындағы тұтынушылардың мінез құлқы. Нарықты сегменттеу. Маркетинг жүйесіндегі тауар. Маркетингтегі тауар саясаты. Маркетингтің баға саясаты. Маркетинг жүйесіндегі тарату саясаты. Маркетингтегі коммуникациялық саясат. Маркетинг жүйесіндегі жарнама. Маркетингті жоспарлау және бақылау. Маркетингтегі стратегиялық жоспарлау. Халықаралық маркетинг. Қызметтер және бейкоммерциялық әрекеттің маркетингі. | 3 | 4 | Экономикалық теория | Банктік менеджмент және маркетинг | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:** маркетинг және менеджменттің теориялық негізін, маркетинг және менеджмент ғылымдары туралы негізгі анықтамаларды, өндірісті басқару әдістерінің және тауарды өткізу жүйесін.<br>**Меңгеруі керек;** өндірісті басқару құрылымын жобалау және талдау, маркетингтік зерттеу, коммуникациялық процесті тиімді басқару, басқарушылық шешімдерді іске асыруды дағдылану қажет.<br>**Игеру керек:**<br>- басқарушылық персоналды қабылдау және орналастыру жүйесін, басқару процесін ақпаратпен қамтамасыз етуді игеруі керек;<br>- ұйымда басқарушылық шешімдерді жасау және қабылдау әдістері мен құралдары туралы кешенді көзқарасты қалыптастыруы қажет.<br>**Құзіреттілігі:**<br>ұйымда мотивация жүйесін жасау, шиеленісу және келіспеушілікті тиімді басқарудың тәжірибелік, маркетинг стратегиясын құрастыру бойынша дағдыларды қалыптастыруы қажет. |
| 12 | Қаржы нарығы және | Пәннің қысқаша мазмұны «Қаржылық нарықтар мен делдалдар» курсының пәні қазіргі қаржы | Қаржы нарығының инфрақұрылымы мен | 3 | 4 | Экономикалық теория, | Құнды қағаздар | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | делдалдар | нарықтарының функциялануы мен әртүрлі делделдардың қызмет етуі болып табылады.<br>«Қаржы нарықтары мен делдалдар» пәні – қазіргі нарық қаржы нарықтарындағы әртүрлі қаржы институттарының қызмет етіумен ерекшеленді. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасының дамуында қаржы институттар маңызды орын алады. Олар экономиканың тиімді салдарына инвесторлардың қаражатын тартуында, инвестициялық процеске қызмет ету және өндірістік сфераға қаржы активтерін тартуына жәрдемдесетін альтернативті тәсілі болып табылады.<br>Бұл пәннің мақсаты негізгі қаржы нарығы мен оның инфрақұрылымдарын Қазақстан республикасының даму ерекшеліктерімен есепке ала отырып, қаржы делдалдарының қызметімен, сонымен қатар, қаржы нарығын жетілдіру қызметтерімен толық оқыту.<br>Курстың мақсаттына негізделе отырып, келесідей міндеттері анықталады:<br>- қаржы нарығы мен делдалдар курсын функционалдщы тұрғыдан теориялық аспектілерін оқыту;<br>- Қазақстан Республикасының территориясында қаржы делдалдарының қызметтерін талдаудан өткізу;<br>- Қазақстан қаржы нарығының дамуында негізгі мәселелерді анықтау;<br>- әртүрлі қаржы институттарын және олардың ұсынатын қызметтерін баға белгілеу әдістерін, оларды басқару стильдерін, ішкі және халықаралық қаржы нарығындағы қызмет ету стратегияларын оқу. | құрамдас элементтері. Ақша нарығы және оның қаржы құралдары. Депозит нарығы және оның қаржылық құралдары. Несие нарығының мәні және оның маңызы. Валюта нарығы және валюталық операциялар. Бағалы қағаздар нарығы, оның қызметі және құрылымы. Сақтандыру нарығы және оның Қазақстан Республикасында дамуы. Зейнетақы нарығының мәні мен маңыздылығы. Зейнетақы қорларындағы қаржы институттары. Инвестициялық компаниялар мен қорлары. Сақтандыру ұйымдары мен қорлары. Қор биржасы, қызметі және құрамы. Қазақстандағы қаржы нарығының құқықтық реттеу негіздері. | | | Микроэкономика, Қаржы. | нарығы. Ақша, несие, банктер. | Қаржы нарығының мәнін, қаржы нарығының құрылымын, қатысушыларын, делдарын жетік **білуі керек.**<br>**Меңгеру керек:**<br>Курстың аяқталуына дейін студенттер қаржы нарығының барлық сегменттерінің негіздерімен таныс болуы керек, қаржы нарықтарының функциялау механизмін түсіну және қаржы нарығының әр сегменттерінің функциялау ерекшеліктерін түсіне білу.<br>**Игеру керек:** қаржы нарығын реттеудің нормативті-құқықтық базасында бейімделу керек және қаржы нарығының әр сегментінің қызметін, ақпаратты талдау дағдыларын меңгеру, қаржылық шешімдерді қабылдай білу керек.<br>**Құзыреттері:**<br>әртүрлі қаржы институттарын, олармен көрсетілетін қызметтерін, ішкі және халықаралық қаржы нарықтарында тиімді қызмет етудің стратегиясын оқып білу болып табылады. |
| 13 | Ақша-несиелік саясат | «Ақша-несиелік саясат» курсы Қазақстанның қаржылық-несиелік жүйесі үшін жоғары білікті мамандарды қалыптастыратын оқу пәндерінің арасында маңызды роль атқарады. Бұл курста мемлекеттің экономиканы ақша-несиелік реттеу жөніндегі мәселелер макроэкономикалық | Ақша-несиелік реттеу ұғымы және Теориялары. Ақша агрегаттарының құрылымы. Ақша-несие саясатының | 3 | 6 | «Экономикалық теория негіздер», «Макроэкономика», «Ақша, | «Банк ісі», «Қазіргі заманғы ақша теориялары», | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>студенттердің экономиканы ақша-несиелік реттеудің мәнін, принциптері мен әдістерін игеруі;<br>ақша-несие жүйесіне қатысты |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрғыдан қарастырылады; ҚР-дағы ақша-несиелік реттеудің қолданыстағы практикасы зерттеуге алынады; дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде реттеудің түрлі нысандары мен әдістерін қолдану тәжірибесі көрініс табады.<br>Пәнді оқытудың мақсаты – болашақ мамандарға экономиканың ақша-несие саясаты саласында кәсіптік білімдерді қалыптастырып, практикалық аспектіде оның қазіргі нарық экономикасындағы мәнін, қызметтерін және ролін ашу болып табылады.<br>Пәнді оқытудың басты міндеті – ақша-несие саясатының заңдылықтарын оқу, қазіргі ақша-несие саясатының жүйесі мен оның элементтерін ұйымдастыру, макроэкономикалық реттеудегі ролін, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайындағы Орталық банктің ақша несие саясатының орны мен ролін оқыту. | типтері. ҚҰБ-нің ақша-несие саясатындағы Ролі. Есепке алу мөлшерлемесі. Міндетті резерв нормасы. Ашық нарықтағы операциялар. Валюталық интервенция. Инфляциялық таргеттеу. Валюталық реттеу. Валюталық бақылау. | | | несие, банктер» | «Валюталық реттеу», «Экономиканы мемлекеттік реттеу» | мәселелер бойынша шешімдер қабылдай білуге баулу.<br>**Меңгеру керек:**<br>Студенттер мемлекеттік макроэкономикалық реттеудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ақша-несиелік реттеудің мәнімен және ерекшеліктерін **меңгерулері қажет.**<br>**Игеру керек:**<br>студенттерге ақшаның, несиенің, банктердің теориясы бойынша теориялық білімнің белгілі - бір қажетті миниму-мын беру; оларға банк аясында қызмет істеу үшін қажетті практикалық әдістерді дарыту.<br>**Құзыреттері (компетенциялары):**<br>- негізгі экономикалық мәселелерді шешуге мемлекеттік тәсілдерді қолдану;<br>- мемлекеттік шараларды қабылдауда сандық бағалау кезіндегі статистикалық мәліметтерді кәсіби пайдалану. |
| 14 | Валюталық нарық және валюталық операциялар | Курс – студенттерді валюталық құқықтың негізгі теориялық жағдайларымен таныстыру; мемлекеттің валюталық қызметінің нарықтық қатынастар саласындағы функциялары мен рольдерін қарастырып, зерттеу; валюталық құқықтың нарықтық типтегі экономикалық қатынастарға «қызмет көрсететіні құқық саласы ретіндегі реттеуші күш-ықпалын және мән-жайы мен ерекшеліктерін жаңа қаржылық заңдар базасы негізінде ашып көрсету<br>**«Валюталық нарық және валюталық операциялар»** пәнінің мақсаты: эволюциялық тәртіпте және қазіргі кезеңде әлемдік валюта жүйесінің және валюта нарығының дамуы мен қалыптасу бойынша студенттерге іргелі білім | «Валюталық нарық және валюталық операциялар» курсының пәні, әдісі, мазмұны және мақсаты. Әлемдік және ұлттық валюталық жүйелер, олардың негізгі элементтері. Валюталық курс – валюталық жүйенің негізгі элементі. Мемлекеттің валюталық саясатын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының валюталық саясатының ерекшеліктері. Төлем балансы, мемлекеттің валюта- | 3 | 6 | Экономикалық теория. Қаржы. Ақша, несие, банктер | Қаржы нарығы және делдалдар, Банк ісі. | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>– Валюталық операцияларды таңдау шеңберінде студенттер білімін қамтамасыз ету;<br>– Әлемдік валюталық нарықта және Қазақстанның валюталық нарығында валюталық операцияларды жүргізу техникасын меңгерту.<br>Меңгеруі керек:<br>– Әлемдік нарықта валюталық, қаржылық және несиелік қызметтердің тәжірибесін;<br>– Валюталық, несиелік және |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | беру. Сондай-ақ, студенттерді валюталық операцияларды жүргізу техникаларына үйрету болып табылады.<br>**Міндеттері:** Пәнді оқытудың міндеттері пәнді оқыту мақсаттарымен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы валюта заңдары мен валюта органдарының құрылымын, функцияларын, өкілеттіліктерін, нормаларды құқықтық талдай алуларды білуді көздейді. | қаржылық саясатының бейнесі ретінде. Мемлекеттің валюталық саясатын қалыптастыру. Халықаралық банк ісінің негіздері және валюта-қаржылық қатынастар. Валюталық нарық. Валюталық операциялар. Валюталық спекуляция. Валюталық тәуекел және оны сақтандыру әдістері. | | | | | қаржылық саясат шеңберінде мемлекеттік органдар терминдері мен негізгі ережелерін.<br>**Игеру керек:** Әлемдік валюталық нарықта және Қазақстанның валюталық нарығында валюталық операцияларды жүргізу техникасын.<br>**Құзыреттері (компетенциялары):** Осы салада валюталық реттеуді, қаржылық қызметті басқарудың ұйымдық құрылымын қалыптастыру қағидаларын, осы жұмыстардың әдісі мен тәсілдерін. |
